

СЕГОДНЯ КАЗАХСТАН ИГРАЕТ КЛЮЧЕВУЮ РОЛЬ В РАЗВИТИИ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА: НА ДОЛЮ НАШЕЙ СТРАНЫ ПРИХОДИТСЯ 56% ВСЕГО ГРУЗОПОТОКА. ЭТОТ ФАКТ ПОДЧЕРКИВАЕТ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ МАРШРУТА НЕ ТОЛЬКО ДЛЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ, НО И ДЛЯ ВСЕГО РЕГИОНА.

Нургуль ЖАКУПОВА,
исполняющий обязанности генерального секретаря
Международной ассоциации ТМТМ



№68 (3107)
22/08/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТЕМІРЖОЛ ӘЛЕУЕТІ СӨЗ БОЛДЫ

Осы аптадағы Үкімет отырысында теміржол саласын дамыту және цифрландыру мәселелері талқыланды. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов және басқа да министрлік басшылары қатысты. Отырыста Қазақстанның транзиттік-логистикалық әлеуетін аттыруға байланысты атқарылып жатқан жұмыстар мен жобалар сөз болып, соңында Үкімет басшысы тиісті органдарға тапсырма берді.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев Мемлекет басшысының теміржол инфрақұрылымын дамыту жөнінде берген тапсырмаларының жүзеге асу барысы туралы баяндады. Қазіргі таңда теміржол желісінің жалпы пайдалану ұзындығы 16 мың шақырымды құрайды. Тасымал тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін 2029 жылға дейін 5 мың км жаңа жол құрылысын салу мен жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар 11 мың км жолға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Министр мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін арттыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысымен таныстырды. Соңғы жылдары Ресей мен Өзбекстан бағыттарында өткізу қабілетін арттыру мәселесі толығымен шешілді. Мысалы, Сарыағаш түйіспесінде өткізу қабілеті 24 пойыздан 35 пойызға дейін жеткізілген. Шілдеден бастап Қытай бағыты бойынша «Достық-Мойынты» желісінде қосымша пойыздар жүре бастады.

«Осылайша, теміржол түйісу пункттерінің мәселесі шешімін тапты. ҚТЖ еліміздегі бизнес өкілдерінің экспорт пен импортқа деген сұранысын толығымен қанағаттандыруға міндетті. Болашақта мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін 296 млн тоннаға жеткіземіз деп жоспарлап



отырмыз», – деп атап өтті Нұрлан Ермекулы.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы локомотивтер паркі 1,9 мың локомотивті құрайды. Жаңарту бағдарламасына сәйкес 2029 жылға дейін барлығы 456 локомотив сатып алу жоспарлануда. Локомотивтерді жеткізушілер – қазақстандық «Электровоз құрастыру зауыты», «Локомотив құрастыру зауыты» және Қытайдың CRRC компаниясы. АҚШ-тың Wabtec компаниясының деректері бойынша қазір Қазақстанда қолданыстағы жүрген локомотивтер заманауи және тиімді техникалар, олар болашақтың тасымал талаптарына толық сәйкес келеді.

Қазақстанда 300-ге жуық вагон операторы жұмыс істейді. Олардың қол астында 142 мың жүк вагоны бар. Министрдің айтуынша, бұл қазіргі жүк тасымалының қажеттілігін толық қамтиды. Соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның үлесі – 41%, әрі бұл вагондар әлеуметтік маңызы бар жүктерді тасымалдау бағытында белсенді қолданылады. 2029 жылға дейін жүк операторлары тарапынан 7 мыңнан астам жаңа вагон сатып алынады. Бұл жүк тасымалының өсіп келе жатқан әлеуетін сақтап, дамытуға мүмкіндік береді.

Көлік министрі еліміздің транзиттік әлеуетіне ерекше тоқталып, Қазақстан халықаралық сауда бағыттарында орналасқанын айтты. Біздің ел арқылы

5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Қазақстан бүгінгі күнде халықаралық транзиттік хаб ретіндегі мәртебесін нақты бекітті, деді министр.

Белгілі болғандай, соңғы 10 жылда транзит көлемі екі есеге өсіп, 2024 жылы 27,4 млн тоннаны құрады. Биыл транзит көлемі 33 млн тоннаға жетеді. Ал келесі жылы 54 миллионнан асуы керек. 2029 жылдың соңына дейін транзиттік тасымал көлемін 67 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда. Халықаралық сарапшылардың (KPMG және PwC) болжамы бойынша, 2035 жылға қарай транзиттік жүк көлемі 100 млн тоннаға дейін өседі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



АО «Кедентранссервис» и АО «OZTEMIRYOLKONTEYNER» обсудили развитие контейнерных перевозок.

Стороны рассмотрели перспективы сотрудничества и совместные планы по развитию контейнерных перевозок по ключевым направлениям: Китай – Центральная Азия, Россия – Центральная Азия и в обратном направлении.

В феврале текущего года компании подписали Меморандум о сотрудничестве, который стал основой для укрепления партнерских связей. Его реализация способствует развитию транзитных коридоров, повышению эффективности мультимодальных перевозок и укреплению транспортно-логистического потенциала региона.

АО «Кедентранссервис» продолжает расширять международное сотрудничество, укрепляя позиции Казахстана как ключевого логистического хаба между Азией и Европой.

Руслан РАХМЕТОВ

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Магистральдық желі дирекциясы бойынша биыл осы жылдың соңына дейін 16 мобильді ғимарат орнату жоспарланып отыр.

Бұл іс-шара екі жылдан бері жүзеге асып келе жатқан Санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту және еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру бағдарламасы аясында орындалмақ. Атап өтерлігі, 2023 жылдан бері жұмысшылардың қысқа уақыт ішінде жылынып алуы үшін 1224 бірлік жылыну пункті жабдықталып, жұмысшылардың демалуы мен тұруына арналған 291 мобильді ғимарат орнатылды. Оларға барлық қажетті инженерлік коммуникациялар қосылған, жиназдармен, тұрмыстық техникамен, жұмысшылардың жайлы тұруы үшін душ кабиналарымен жабдықталған. Сонымен қатар 71 ғимарат ағымдық жөндеуден өткен. Аталған бағдарлама шеңберінде барлығы 568 модульдік ғимарат сатып алу жоспарланған. Олар: хронометраждық ғимараттар, автокөлік гараждары, жол техникасына арналған гараждар, жұмысшылардың демалуына арналған бөлмелер.

Ислам ТАЛҒАТ

ИЗ ЧЭНДУ В АНТВЕРПЕН



Первый контейнерный поезд из китайского Чэнду в Антверпен (Бельгия) проследует транзитом через Казахстан.



В составе специализированного поезда DPD для La Poste – 55 контейнеров, грузных товаров трансконтинентальной электронной торговли и продуктами питания, предназначенными для холодильной цепи. Покинув Китай через КПП Алтынколь, он проследует по территории Казахстана, России, Беларуси, Польши и Германии.

– Этот поезд использует транспортную сеть «через Европу». После прибытия в порт Антверпен-Брюгге он по железной дороге будет направлен в страны Западной и Южной Европы, включая Испанию, Италию, Францию, Германию и Великобританию в течение 2-3 дней. Ожидается, что весь путь займет 16-18 дней, что обеспечит клиентам эффективную логистическую схему «одна остановка – несколько этапов дистрибуции», – отметил председатель правления Chengdu International Railway Port Investment and Development Co., Ltd. Пан Цзяньхуа.

Поезд стал первым прямым международным железнодорожным маршрутом из Чэнду в Антверпен. Таким образом, на сегодня число городов, обслуживаемых «Чэндуским международным экспрессом», достигло 126.

Любовь РОВБА

Актуально

В ПЯТЬ РАЗ БОЛЬШЕ

В Казахстане стремительно развивается железнодорожное машиностроение.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

За 7 месяцев текущего года выпуск грузовых полувагонов увеличился в пять раз, а производство платформ – в 2,2 раза. Об этом сообщил министр промышленности и строительства Ерсайын Нагаспаев на заседании Правительства.

По его словам, железнодорожная промышленность занимает значительное место в структуре машиностроения страны, формируя 13% от общего объема. В прошлом году предприятия сектора произвели продукции на сумму 600 миллиардов тенге, что на 25% больше показателя 2023 года.

– В целом за последние пять лет в отрасли наблюдается рост инвестиционной активности вследствие реализации программ по обновлению парка вагонов национального оператора. В результате в Казахстан пришли ведущие мировые бренды, такие как Wabtec, Alstom, Stadler, – отметил Ерсайын Нагаспаев.

Сегодня в сфере железнодорожного машиностроения работают 60 предприятий

с общей численностью сотрудников более восьми тысяч человек.

Отдельное внимание уделяется созданию новых производственных мощностей. В январе 2025 года в Астане запущен завод ТОО «Stadler Казахстан», который способен выпускать до 100 пассажирских вагонов в год.

– Весь объем выпуска продукции контрактуют с ҚТЖ до 2030 года. Первый 51 вагон будет поставлен к концу текущего года, – подчеркнул министр.

В Атырауской области введен в эксплуатацию вагоностроительный завод ТОО «Тексол Транс» с проектной мощностью шесть тысяч грузовых вагонов и цистерн в год.

– Одновременно для повышения уровня локализации инвестором начато строительство литейного завода мощностью 60 тысяч тонн деталей в год. Его запуск запланирован на 2027 год, – сообщил Ерсайын Нагаспаев.

Производственные проекты также развиваются в Экибастузе и Семей.

Наряду с развитием машиностроения Казахстан укрепляет позиции в глобальных транспортно-логистических цепочках. По словам председателя правления АО «Самрук-Қазына» Нурлана Жакупова, сегодня



Нұрғали ӘЖАПБАРОВ,
Қызылорда ЖТ бөлімшесі
Шиелі станциясы бастығының
орынбасары:

ӨТКЕН ЖЕТІ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДА ЖҮК ТИЕУ ЖОСПАРЫ 3307 ВАГОН БОЛЫП БЕКІТІЛСЕ, ІС ЖҮЗІНДЕ 3536 ВАГОНҒА ЖҮК ТИЕЛГЕН. ОСЫНДАЙ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТЫ АТҚАРУ ҮШІН СТАНЦИЯДА ЖҰМЫСҚА КІРІСПЕС БҰРЫН ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЫ, ДЕНСАУЛЫҒЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ. ӨЙТКЕНІ ТЕМІР ЖОЛ – АСА ҚАУІПТІ АЙМАҚ, МҰНДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН СӘТІСІЗДІК ҮЛКЕН ҚАУІПКЕ ӘКЕЛУІ МҮМКІН. СОНДЫҚТАН ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ, КӘСІБИ ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУ – БІЗДІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫМЫЗ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ПО СЕТИ
АО «НК «ҚТЖ» ПЕРЕВЕЗЕНО

177 млн тонн
ГРУЗОВ.

В 2025 ГОДУ ҚТЖ
ПЛАНИРУЕТ ВОЗВЕСТИ И
ОТРЕМОНТИРОВАТЬ СВЫШЕ

12 тыс. км

ОГРАЖДЕНИЙ ВДОЛЬ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ
ПУТЕЙ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ
БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ.

БОЛЕЕ

7 тыс.

ВАГОНОВ НАМЕРЕНЫ
ЗАКУПИТЬ ГРУЗОВЫЕ
ОПЕРАТОРЫ ДО 2029 ГОДА.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ БЕС БАҒЫТЫ

Үкімет үйінде өткен теміржол саласының дамуына арналған кеңейтілген кеңестің күн тәртібінде қозғалған мәселенің бірі теміржол саласын цифрландыруға арналды. Осы бағытта жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстар туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндады. Айтуынша, елімізде теміржол саласын басқару үрдісі цифрландыру есебінен оңайлатылатын болады.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Бүгінде аталған министрлік теміржол саласын цифрландырудың бес бағытын іске асыруда екен. Біріншісі – мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру. Екіншісі – тасымалдардың ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін бизнес-процестерді реинжинирингтеу. Үшіншісі – инновациялық экожүйе құру және цифрлық технологияларды енгізу. Төртіншісі – жолаушыларды OneWeb және Starlink спутниктік интернетімен қамтамасыз

ету. Бесіншісі – транзиттік тасымалдарды онлайн бақылау жүйесін енгізу.

«2024 жылы салада 5 мемлекеттік қызмет қолжетімді болды. Олардың барлығы электрондық форматта көрсетілді. Биыл тізілім «Қауіпсіздік сертификатын беру» атты жаңа қызмет түрімен толықтырылды. Бір жыл ішінде 28 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның 99%-ы онлайн форматта ұсынылған», – деді Жаслан Мәдиев.

Цифрлық технологияларды енгізу тасымалдың тиімділігін арттырмақ. Осы мақсатта салаға келесі цифрлық шешімдер енгізілуде. Олар:

магистральдық желінің цифрлық қосарланған моделін жасау; тасымалдарды жоспарлау үшін жасанды интеллект енгізу; вагон нөмірлерін бейне арқылы тану және «Вагон/жүк орнын анықтау» қызметін қосу; келу/кету дерегін анықтау үшін GPS-трекерлерден деректерді автоматты түрде қабылдау жүйесіне жіберу; вагон нөмірін тіркеу арқылы вагонның тоқтап тұру уақытын автоматты есептеу. Аталған шешімдер жұмыс процедураларын 45%-ға, ал бизнес-рөлдерді 35%-ға қысқартады деп күтілуде. Басқару оңай әрі ашық болмақ. (Жалғасы 2-бетте)

РЕКОРД ОРНАТЫЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



ҚТЖ желісі бойынша «Шұбаркөл Премииум» көмірін тасымалдау бойынша рекорд орнатылды.

2025 жылдың шілдесінде «Шұбаркөл Премииум» ЖШС көмірін теміржол көлігімен тасымалдау көлемі 416 мың тоннаны құрады, бұл кәсіпорын тарихындағы рекордтық көрсеткіш болды.

Жыл басынан бергі жеті айдың қорытындысы бойынша жөнелтілген көмірдің жалпы көлемі 1,3 млн тоннаны құрады, оның ішінде: Қызылжар станциясынан – 244 мың тонна, Шұбаркөл станциясынан 1 млн тоннадан астам қатты отын тасымалданған.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ БЕС БАҒЫТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Осылайша, Қазақстанда теміржол тасымалы үдерісі автоматтандырылады. Проблемалық мәселелер Цифрлық штабта пысықталады. Astana Hub-та тасымал және инфрақұрылым саласындағы стартаптар дамып келеді. Бұл стартаптар арқылы жүктерді бақылау сервистері; келісімшарт жұмыстарын басқару жүйелері; тасымалдарды автоматтандыру және вагон паркін басқару платформалары жасап шығарылуа. Негізгі шешімдердің бірі – тасымалдарды автоматтандыру платформасы екенін айта кеткеніміз жөн. Ол вагондарды басқарады, жүктемені жоспарлау мен болжауды автоматтандырады. Платформа бос жүрісті 10%-ға азайтып, вагон айналымын 15%-ға арттырады. Жүйе ірі тасымал компанияларында енгізілген», – деп атап өтті министр.

Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы да биыл Астанада сапалы талдау жасап, ауқымды деректерді генерациялай алатын суперкомпьютер кластерін іске қосу барысында жасанды интеллект технологиялары мен перспективалы стартаптарды экономиканың барлық саласына, соның ішінде теміржолға да енгізу керектігін атап өткен болатын. Мәселен, жасанды интеллект апаттық жағдайлардың ықтимал қауіптерін және жолдар мен жылжымалы құрамның тозуын алдын ала есептеп, осындай мәселелерді шешудің түрлі нұсқаларын пысықтай алмақ. Сондықтан теміржол саласын цифрландыру кезінде IT-инфрақұрылымды басқарудың және ақпараттық жүйелердің интеграциясын жүргізудің тұтас тәсілін жүзеге асыру қажет.

ЖАҢҒЫРТУ ЖЕДЕЛДЕТІЛУДЕ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Биылғы жылы Семей ЖТ бөлімшесі бойынша «ҚТЖ» ұлттық компаниясы есебінен 10 теміржол вокзалы қайта жаңғыртылады. Соның ішінде әсіресе ең күрделі торап Семей теміржол вокзалына баса мән берілуде.



Қазіргі таңда мұнда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес күрделі жөндеу жұмыстары мейлінше қарқынды түрде атқарылуа.

Қазіргі таңда ауқымды түрде күрделі жөндеу жүріп жатқан вокзалда демонтаж жұмыстары толыққанды аяқталуға тау. Құрылыс белгіленген мерзімінен кешікпей мейлінше қарқынды жүргізілуде. Әйтсе де, бұлай тоқмейілсуге болмайды. Жоба бойынша жаңғырту жұмыстары ағымдағы жылдың соңғы тоқсанында толық аяқталуы тиіс. Бұл ретте бас мердігер «DK Proekt» ЖШС мен техникалық қадағалаушы «Engineering Service» ЖШС бар мүмкіндікті пайдалануда.

Қазіргі таңда билет кассасы, жолаушылардың күту орны, медпункт, желілік полиция бекеті уақытша далада, вокзал іргесіне орналастырылған. Бұлайша тек алғашқы қар жауып, қазан айының қара суығы түскенше ғана амалдауға болады. Яғни қолайсыздық ұзаққа созылмауы тиіс.

Жобаға сәйкес нысанның сырты заманауи еуро панельдермен қапталып, аумағы кеңейтілді. Вокзал жанынан жолаушылар мен қарсы алушылардың екінші, үшінші жолдарға жеңіл өтуі үшін эскалатор, мүгедектігі бар адамдарға арналған лифт, шағын буфеттері бар қосымша ғимарат та салынады. Сонымен қатар жүргіншілерге арналған 260 метрлік теміржол үсті көпірі де жаңартылады.

Мұнымен қатар, жаңғырту жұмыстарына вокзал ғимараты ғана емес, оның алдындағы аумақты қайта қалпына келтіру және жаңарту, инженерлік жүйелерді ауыстыру да кіреді. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін вокзалдың өткізу қабілеті артып, заманауи күту залдары, жоғары жылдамдықтағы интернет, ақпараттық жүйелер және қосымша қызмет түрлері де пайда болмақ.

Бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан барлық құрылыс жұмыстары тапсырыс беруші «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясының, Семей ЖТ бөлімшесі басшылығының және жергілікті атқарушы биліктің назарында тұр.

Суретті түсірген автор

Үкімет

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

Үкімет отырысында «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов компанияның биылғы 7 айдағы қызметі туралы баяндады.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Есепті кезеңде жүк айналымы 162 млрд ткм құрап, 177 млн тонна жүк тасымалданған. Мұндағы өсімге Қытай мен Ресейге бағытталған экспорттық және транзиттік мүмкіндіктерді кеңейту есебінен қол жеткізілгені атап өтілді.

«Транзиттік тасымалда өсім 10%-ды құрап, 17 млн тонна жүк тасымалданды, оның ішінде контейнерлік тасымалдау 796 мың ЖФБ. Табыс 1 трлн 512 млрд теңгеге дейін артты. Бұл қаржы компания активін жаңартуға мүмкіндік береді», – деді Талғат Алдыбергенов.

Басқарма төрағасы жаңа теміржол желілерінің құрылысы туралы да хабарлады.

Ол биыл жаңа темір жол салына бастағанын атап өтті. Олар: Мойынты – Қызылжар – 360 шақырым. Шілде айында ұзындығы 272 шақырым болатын Бақты – Аягөз желісін салу бойынша келісімшартқа қол қойылды.



– Тамыз айының соңына дейін 220 адам мен 90 техника жұмыс істейді. Кейін оның саны артады. Бұл Қытаймен арадағы өткізу қабілетін 25 миллион тоннаға арттыруға, ал 2030 жылға қарай барлық үш түйіспеді 100 миллион тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Достық – Мойынтының белгілі бір учаскелері кезең-кезеңмен тапсырылып жатыр. Осы жол мен Алматы айналма желісін жыл соңына дейін пайдалануға береміз. Дарбаза – Мақтаарал құрылысы кестеге сай жүруде, ол келесі жылы аяқталады, – деп қосты Талғат Сағиұлы.

Өткен 7 айда ҚТЖ-да 840 км жол жөнделді. 51 локомотив, 56 жолаушылар вагоны, 1069 жүк вагоны сатып алынды. Жыл соңына дейін жоспарға сәйкес тағы жаңартылады. Бұл жылжымалы құрамның тозуын азайтады.

Жалпы жүктердің тасымалдау көрсеткіштері оң динамиканы көрсетті. Экспорттық тасымалдардың негізгі драйверлері көмір мен астық болып табылады. Көмір тасымалдауда Ресей порттары арқылы экспорт 43% өсті. Астық экспорты Иранға, Орталық Азияға және Ресей порттары арқылы 55% артып отыр. Сондай-ақ компания әлеуметтік маңызы бар жүктерді тасымалдауды қамтамасыз етіп келеді.

Цифрландыру бойынша «Бірыңғай цифрлық терезе» жүйесі бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз етеді және адам факторын барынша азайтады. Цифрлық сауда дәлізі шенберінде Tez Customs платформасында транзиттік декларацияларды автоматты түрде беру жолға қойылды, ТХКБ және Орта Азия бағыты бойынша рәсімдеу уақытын 16

ТҮЙІСПЕСІЗ РЕЛЬС БУНАҚТАРЫН ДАЙЫНДАЙДЫ

Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнына сапарымыз сәтті болды. Кәсіпорын директоры Бахтияр Түлеков пен барлық цех басшыларын жұмыс орнынан таптық. Жалпы 18,0796 гектар аумақты алып жатқан алып кәсіпорын – 25 метрлік ескі рельстерді егеп, кесіп, қайта өңдеп, ұзындығы 800 метрге дейінгі түйіспесіз бунақтарды дәнекерлеп, дайындайтын бірегей өндіріс орны.



Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Дайын өнімдерді жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан теміржол учаскесіне дейін жеткізіп беретін арнайы жағымалы құрам да жасақталған. Бахтияр Жұмабекұлының айтуынша, кәсіпорын жылдық жоспарға сәйкес биыл 229 шақырым, 7 айда 149 шақырымдық рельсті дәнекерлеп, қайта өңдеп шығаруы тиіс. Өткен 7 айдың ішінде мамандар міндеттемені асырып орындап, 187 шақырымға жететін өнімді құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан теміржол учаскелеріне жеткізіп берген.

– Республика бойынша жылына мың шақырымға дейінгі жолдарға күрделі және күшейтілген

жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біздің кәсіпорын бүгінге дейін Семей, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда бөлімшелерін рельспен қамтамасыз етіп келді. Оған енді Ақтөбе мен Маңғыстау да қосылып отыр. Біз құрылыс жұмыстары жүріп жатқан теміржол учаскелеріне 800 метрлік ұзын өлшемді рельс бунағын дәнекерлеп, жеткізіп береміз. ПРСМ маркалы 6 жылжымалы дәнекерлеуші машинамыз бар, олар екі сегіз жүздікті бір-біріне жалғап, 1600 метрліктерін тағы қосып, дәнекерлеп кете береді. Бір учаскеден екіншісіне дейін жететін түйіспесіз бунақтар осылай жасалады. Сондай-ақ жарылған, ақаулы ұзын өлшемді бунақтарды осы машина кесіп өтпей қалпына келтіріп береді,

– дейді кәсіпорын директоры.

2017 жылдан бері осы өндіріс орнын басқарып келе жатқан директордың айтуынша, 37 жыл шойын жолдың арғы және бергі бетіндегі ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып келе жатқан Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорны – құландықтар үшін тұрақты табыс көзіне айналған. Биыл 286 жұмысшының 186-сы 10, 20, 30 жыл ұздіксіз еңбек еткені үшін арнайы белгішелермен марапатталып, сыйақы алған.

Кәсіпорын мамандарының 50 пайыздан астамы бір жерде табан аудармай, тұрақты жұмыс істеуіне әрине теміржол саласында жұмысшылар құқығының әлеуметтік тұрғыда қорғалуы да әсер ететіні сөзсіз. Теміржолшыларды тегін медициналық тексерулерден өткізу, тісін емдету, дәрі-дәрмектер алып, ем-шараларын алуы, тіпті шипажайға жолдама беру жолдары қарастырылған. Мектеп жасындағы балаларына жазғы демалыста лагерге жолдама беріледі, т.т игіліктер баршылық.

– Кәсіпорында 5 негізгі өндірістік цех жұмыс істейді. Егеуші, кесуші, дәнекерлеуші, машинистер, т.т. мамандық иелері ауысыммен еңбек етеді. Сонымен қатар вахталық тәсілмен жұмыс істейтіндер де бар. Қазір 100-ден астам адам вахтада

жүр. Жұмысшылардың орташа жалақысы 410 мың теңгені құрайды. Әр үш жыл сайын жұмысшылар біліктілікті арттыру курстарына жіберіліп отырады. Биыл 50-60 адам оқуға барады. Келесі жылы 80-90 маманды қамтуды жоспарлап отырмыз, – деді Бахтияр Түлеков.

Теміржол саласы – еңбегі ауыр болғанына қарамастан, тұрақтылықтың негізі екенін Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнына келгенде тағы бір мәрте көзім жете түсті. Құрылғанына 37 жыл толған өндіріс орнында ашылған күннен бастап жұмыс істеп, зейнетке шығып жатқандар да бар екен.

Дәнекерлеуші цехында егеуші ретінде еңбек етіп келе жатқанына 31 жылдан асқан Оңдасын Алланов жақында зейнеттік демалысқа шығатын көрінеді. Теміржол саласындағы еңбек жолын Луговой жол дистанциясында жолшы болып бастаған маман «табан аудармай, табандылық танытқанымың жемісін көрдім, 30 жыл еңбек еткенім үшін биыл 300 мың сыйақы мен 30 жылдық белгішемен марапатталдым», – деді жұмысшы мамандығының өкілі. Рельс егеушісі тұрақты жұмыс пен табыс көзі деп ұлын да осы салаға баулытты. Қазір ол кәсіпорынның темір ұстасы екен.

Суретті түсірген автор

ҚҰЛСАРЫ ЖОЛЫ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау, станциялардың өткізу қабілетін, пойыздар жүрісінің жылдамдығын арттыру үшін жол сапасы жақсы болуы басты шарт. Соған сәйкес өңірде теміртабанды жолдарды сауықтыру жұмыстары қарқынды жалғасуда.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бүгінгі таңда Құлсары жол дистанциясында жұмыс қызу жүріп жатыр. 8 тамызда басталған күрделі жөндеу нәтижесінде дистанция бойынша 10,4 шақырым жол су жаңа материалдардан салынып бітті. «Яғни бытырғы Қоркөл-Рзд-464 аралығында белгіленген 31,5 шақырым жолдар әрі қарай жалғасып салынуада. Аталған учаскеде бұрынғы ағаш шпалдар түгел алынды. Жердің негіздемесі төселіп, шебін төсеу, жерді нығыздау, басқа да технологиялық талаптарға сай жұмыстар жасалды», – дейді Құлсары жол дистанциясының өндірістік-техникалық бөлім маманы Комшат Жапалова.

Жалпы, биылғы жылы өңірде 66,7 шақырым жол күрделі жөндеу жасауға жоспарланған. Соның ішінде Құлсары жол дистанциясы бойынша 26,321 шақырым. Қазіргі таңда сол

жұмыстардың 10,4 шақырымы жүргізілді, қалған 12 шақырымдай жолды салу жартасып жатыр. Жұмыстар рзд.465-Майкөмген-рзд.467-468 аралығында 6 сағаттық «толаскез» алынып, Құлсары-Бейнеу учаскесінде жүргізілуде. Атап айтқанда, рзд465-Майкөмген аралығында 18,20 шақырым жолды күрделі жөндеу керек болса, сол учаскедегі 1170-1189 шақырымның 2,400 м салынды. Бұл жолдарды «Интегра Констракшн» ЖШС салуда.

Сол секілді ст.Майкөмген-рзд467 аралығындағы 1189-1197, яғни 8 шақырым жолды Ағадыр машиналандырылған жол дистанциясы салды. Сонда дистанция бойынша бүгінгі күнге жоспарланған жолдың 10,4 шақырымы түгелдей бітті. Сондай-ақ биыл 8 шақырым жолда ескі Р-50 рельстерін жаңа Р-65-ке ауыстыру көзделіп, қазіргі уақытта Құлсары станциясы, Рзд-Қоркөл-461-463-464 бекеттерінде оның басым бөлігі орындалды. Сонымен қатар Құлсары станциясында 10 жиынтық темір-



бетон бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру жұмыстары да жүргізіліп және ескі бұрмаларды жаңа Р-65-ке ауыстыру бойынша 5 жиынтық ауыстырылған. Жалпы, жыл басынан бері станция жолдары мен бағыттамалы бұрмалардың жағдайын жақсарту және нығайту бойынша 21,85 шақырым жұмыс жасалған. Бағыттамалы бұрмалардың желінуін азайту мақсатында 10 бұрмаға протекторлар орнатылған. «Мұның бәрі аймақ жолдарында қозғалыс қауіпсіздігін жақсартуға үлкен мүмкіндік береді» дейді мамандар.

Суретті түсірген автор

СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ДИАЛОГ КТЖ И GUOYOU WUCHAN



СОТРУДНИЧЕСТВО

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

АО «НК «КТЖ» акцентировало внимание на привлечении стратегических инвесторов для усиления транзитного потенциала страны и создания устойчивой логистической системы в регионе.

Стороны обсудили вопросы развития транспортно-логистической инфраструктуры в Мангистауской области с участием потенциального инвестора. Представителям Guoyou Wuchan Group была презентована информация о текущих мощностях и



перспективах развития как железнодорожной, так и морской инфраструктуры региона. В том числе представлены участки, открытые для инвести-

ций, и обозначены возможные форматы партнерства.

АО «НК «КТЖ» и акимат Мангистауской области выразили готовность оказывать полную

поддержку инвестору на всех этапах реализации совместных проектов.

Встреча прошла в конструктивной и дружественной атмосфере, подтвердив обоюдный интерес к дальнейшему сотрудничеству.

Таким образом, Казахстан шаг за шагом укрепляет статус надежного логистического хаба Евразии. Развитие инфраструктуры на Каспии, открытость к партнерству и совместные проекты с международными компаниями – это вклад в будущее экономического роста страны.

Фото Олжаса АХМЕТОВА

ЕСТЬ КОНТАКТ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Айдана ЖУМАЖАН,
Павлодар

Мероприятие прошло согласно программе внеплановых обучающих занятий «Состав безопасного труда» под руководством начальника ЦЭТЛ города Астаны Жексенбаев Сулейменовым. Места проведения – ЭЧК-28 станции Майкайын, ЭЧК-131 Калкаман, ЭЧК-132 Спутник. В первую очередь участники провели минуту безопасности с разбором обстоятельств и

причин несчастных случаев на контактной сети.

– Нет ничего более ценного, чем жизнь. Большая часть людей проводит более трети сознательной жизни на рабочем месте, внося вклад в развитие общества. Если жизнь на работе подвергается опасности, то пропадает основа для производительной занятости и социально-экономического развития, – сказал Жексенбай Сулейменов.

Кроме того, на обучении были затронуты вопросы воспитания

ответственного отношения к своему здоровью и здоровью окружающих людей, в том числе привлечение внимания к истории и современным достижениям в области охраны труда.


Мастер производственного обучения Павлодарской дистанции электроснабжения Елена Байкаданова организовала викторину в игровой форме среди работников районов контактной сети по оказанию первой помощи при поражении человека электрическим током. Подобного рода учения



способствуют повышению интереса к рабочей профессии, повышению самооценки обучающихся и стремлению расширить свой кругозор в профессиональной сфере.

Фото автора

НАРАЩИВАТЬ ОБЪЕМЫ ПЕРЕВОЗОК



ИТОГИ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Всего за полгода погружено 662 948 вагонов, что в пересчете составляет 45 миллионов 347,2 тысячи тонн. Основной объем, как и прежде, занимает каменный уголь: отправлено 538 381 вагон (37 миллионов 570,6 тысячи тонн). Нефтепродуктов погрузили

Павлодарское отделение ГП подвело итоги работы за семь месяцев. По сравнению с прошлым годом железнодорожники улучшили показатели по участковой и технической скорости движения поездов.

43 998 вагонов (2 миллиона 575,7 тысячи тонн), цветной руды – 23 518 вагонов (1 миллион 510,7 тысячи тонн). Кроме того, с января по июль отправлено 3 924 вагона строительного груза, это 251,4 тысячи тонн, зерна – 5 650, это 376 тысяч тонн, продуктов перемола 500 вагонов – 33,5 тысячи тонн. Только за июль железнодорожники Павлодарского региона отгрузили

89 818 вагонов (6 миллионов 179,8 тысячи тонн), выдержав высокий среднесуточный темп – 2 935 вагонов, или 199 тысяч тонн в сутки.


Что касается выгрузки, то за семь месяцев показатель составил 407 695 вагонов. При этом оборот местного вагона при плане 0,77 суток выполнения составляет 0,69 суток, или 111,6% к плану, тем са-

мым повышена эффективность оборота местного вагона по Павлодарскому отделению ГП.

Грузооборот за семь месяцев составил 11 085,6 миллиона тонно-километров. Для обеспечения эффективной работы железнодорожного транспорта, повышения провозной способности, сокращения времени доставки грузов работники Павлодарского отделения ГП за полгода выполнили на 100,5 процента участковую и техническую скорость движения поезда. И значительно улучшили этот показатель по сравнению с прошлым годом.

По итогам работы филиал демонстрирует положительную динамику развития и стабильные показатели в сфере грузовых перевозок.

РАБОТЫ ИДУТ ПО ГРАФИКУ



ИНФРАСТРУКТУРА

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Сегодня на строительстве задействовано 167 единиц дорожно-строительной техники и 397 специалистов. Основные работы ведутся на всем протяжении будущей магистрали: укрепляется земляное полотно, возводятся мосты и инженерные сооружения, готовятся участки под укладку рельсов. Всего по проекту предусмотрено устройство земляного полотна объемом 6,46 миллиона кубометров, из которых выполнено уже 97%. Зашивка рельсошпальной решетки составила 76 638 погонных метров на базе ПМС Жетыген. В работе 18 из



19 мостов и путепроводов, на 18 уже смонтированы пролетные строения. Из запланированных 56 водопропускных труб завершён монтаж 52.

Строительно-монтажные

работы активно ведутся на станциях Сорбулак, Казыбек, Мойнкум, Жанаарна и Жетыген. Здесь возводятся жилые дома для персонала, пожарные резервуары, насосные станции,

а также объекты сигнализации и связи. В Мойнкуме начато строительство пожарных резервуаров и двухквартирного жилого дома. Аналогичные работы идут на станции Жанаарна, а в Жетыгене на посту чистильщиков стрелок.

Параллельно проводится переустройство инженерных сетей, ведется монтаж электрооборудования, систем сигнализации, связи и освещения. Современные технологические решения обеспечат надежность будущей магистрали. Вместе с тем остается нерешенным вопрос нехватки грунта на подходах к автодорожному путепроводу на станции Жетыген – для завершения этого этапа требуются дополнительные объемы материалов.

В целом, как считают специалисты, проект реализуется планомерно с соблюдением технологий и установленных сроков. Каждый новый день приближает к вводу в эксплуатацию важнейшей транспортной артерии, которая откроет дополнительные возможности для грузовых перевозок региона.

Фото автора

Учения

ХАЛАТНОСТЬ ПРИВОДИТ К БЕДЕ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

На станции Костанай прошли тактико-специальные учения по условному тушению пожара в пассажирском вагоне.

В тренировке участвовали подразделения главной государственной противопожарной службы, формирования гражданской защиты и железнодорожные негосударственные противопожарные команды с привлечением пожарного поезда.

По легенде, возгорание произошло из-за брошенного окурка. Проводник, обнаруживший дым, своевременно сообщил о ЧС. К месту прибыли пожарные расчеты, которые провели разведку, определили направления для развертывания и оперативно приступили к локализации очага.

Отмечалось, что подобные тренировки позволяют отработать не только тактические действия по тушению, но и четкий порядок взаимодействия между ведомственными и государственными службами, что особенно важно в условиях высокой интенсивности железнодорожного движения.

– Возгорание в пассажирском поезде – один из самых серьезных факторов риска для жизни людей. В таких случаях важны скорость и слаженность действий. Именно поэтому подобные учения мы проводим регулярно, – отметил начальник Костанайской негосударственной противопожарной службы Султан Смамбаев.

В ходе тренировок отработывались не только тушение пожара, но и эвакуация пассажиров. Все действия выполнялись в максимально сжатые сроки, что подтвердило готовность сил к реагированию в случае реальной угрозы.

Фото автора



АВАРИЯ УСЛОВНАЯ – ДЕЙСТВИЯ РЕАЛЬНЫЕ

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Республиканские командно-штабные учения «Қалқан-2025» с участием пожарного поезда НПП-25 прошли на территории Восточно-Казахстанского филиала «Кедентранссервис».



Основной темой стала отработка взаимодействия личного состава с представителями санитарно-эпидемиологической службы, независимой экспертизы, грузоотправителя и работников предприятия «Казцинк» при ликвидации течи серной кислоты из цистерны железнодорожного транспорта.

Как рассказал начальник поезда на станции Оскемен-1 Муханбет Омирбеков, его личный состав подняли по тревоге в 06:35. Вводная легенда учений предусматривала возникновение аварийной ситуации при перевозке опасного груза – серной кислоты.

Учения начались в 14:00. По прибытии на место разведка подтвердила условную течь и необходимость установок водяной завесы. Уже в 14:22 пожарный поезд провел боевое развертывание, а в 14:24 начал осаждение паров кислоты с использованием тонко-распыленной воды.

Параллельно с этим работники ТОО «Казцинк» остановили течь и организовали перекачку кислоты в другую цистерну. В 14:50 условная авария была локализована.

Важную роль в комплексной отработке сыграли специалисты СЭС и независимой экспертизы, которые провели отбор проб воздуха и почвы, а также анализ последствий. Полная ликвидация условной аварии была зафиксирована в 15:33, после чего подвели итоги.

В учениях приняли участие 42 человека. Это пять наблюдателей от департамента по чрезвычайным ситуациям ВКО, 15 человек из личного состава пожарного поезда ПП-25, работники станции, Оскеменских эксплуатационных вагонного и локомотивного депо, Семейского отделения магистральной сети, ТОО «Казцинк».

Было задействовано две единицы техники – пожарный поезд и автоцистерна предприятия.

Фото пресс-службы ДЧС ВКО

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі филиалы ұжымы осы бөлімшенің бас инженері Бекжанов Берік Өтепұлына әкесі, теміржол саласының зейнеткері

Өтеп Бекжанұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Спорт

ПЯТИКРАТНЫЙ ЧЕМПИОН МИРА

Ветеран железнодорожного транспорта Иван Мальков стал пятикратным чемпионом мира по силовому многоборью. На первенстве по стренглифтингу в Таиланде спортсмен не оставил шансов соперникам в возрастной категории 60+.

Любовь РОВБА,
Астана

Участниками XII Чемпионата мира по стренглифтингу в Паттае стали более 300 атлетов из 12 стран. Честь Казахстана защищали пять спортсменов, в их числе – действующий чемпион мира, ветеран-железнодорожник с более чем 40-летним стажем Иван Мальков.

Он не считает себя профессиональным спортсменом, так как всерьез увлекся спортом пять лет назад, однако его заслуги говорят сами за себя. Иван Васильевич является победителем и призером городских, областных, республиканских и международных состязаний по многоборью и армрестлингу, успешно выступает в легкой атлетике, а на прошедшем чемпионате мира в пятый раз поднялся на высшую ступень пьедестала почета, завоевав золото в



возрастной категории 60+ и весе до 76 килограммов. Кроме того, является судьей международного класса. Сборная Казахстана была одной из самых малочисленных на Strengthlifting 2025, при этом в общекомандном зачете остановилась в шаге от тройки лучших – спортсмены завоевали 9 золотых медалей в разных весовых и возрастных категориях – Сборные некоторых стран на этом чемпионате были представлены 70 атлетами. Считаю, наша команда показала хоро-

ший результат. За каждой завоеванной медалью – долгие часы тренировок. Мы всегда настраиваемся на победу и вкладываем все силы в ее достижение. И на этот разстрой не влияют погодные условия, длительность перелета или разница во времени, – поделился пятикратный чемпион мира Иван Мальков.

Стренглифтинг не олимпийский вид спорта, но получил широкую популярность среди атлетов во всем мире. Он включает три базовых упражнения – жим штанги лежа под углом, подъем штан-

ги на бицепс двумя руками с пола и подъем штанги с пола со стороны спины.

Стоит отметить, что на прошедшем чемпионате мира Иван Васильевич выступил не только в качестве участника, но и рефери.

Он всегда стремится к развитию и не останавливается на достигнутом. Работе на железной дороге посвятил 44 года жизни, пройдя путь от слесаря до заместителя начальника в локомотивном депо. Кроме того, 19 лет был начальником восстановительного поезда на станции Защита. А после выхода на заслуженный отдых отдыхать не стал, и теперь его имя вписано в историю мирового стренглифтинга.

Через год – новый чемпионат, который на этот раз пройдет в Кыргызстане, а значит, и новые достижения неугомиго спортсмена-железнодорожника.

Фото автора

ҮЗДІК ҮШТІК ҚАТАРЫНДА

Астана қаласында өткен «Әкем, Анам және мен» атты байқаудан маңғыстаулықтардың қанжығасы майланып қайтты. Елдің түкпір-түкпіріндегі теміржолшылар отбасынан жиналған жиырмадан астам команданың ішінен жүлделі орынды жеңіп алды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

22 команда қатысқан отбасылық байқауда түбек теміржолшының атынан Ақтау қаласынан барған Аралбаевтар жанұясы үшінші орыннан көрінді. Теміржолшылар әулетінен шыққан отағасы Маңғыстау локомотив депосында көмекші машинист. Он бір жылдан бері локомотив шаруашылығында еңбек етіп жүрген ол бұл жарысқа әйелі Жадыра Аймағанбетова және ортаншы ұлы Аңсармен барыпты. Спортты жанына серік еткен жерлесіміз Серіктің жанұясы байқаудың шарттарын орындауда өз мықтылығын дәлелдеді. Топтық және

жеке ойындар барысында бір-бірін үнсіз ұғысып, жеңіске жетелеген олар қай шартты болса да ауызбіршіліктің арқасында ойдағыдай орындап шыққандарын айтады. Нәтижесінде байқаудың жеңімпазы атанып, 110 мың теңгенің жүлдесін алып қайтты.

– Бұл сапар бізге тек байқауға қатысу ғана емес, жазғы саяхат та болды. Елордамыздың көрікті жерлерін аралауға мүмкіндік туды. Конкурс шарты бойынша он жастан асқан бала болу керек дегендіктен біз төрт баламыздың ішінен спортқа жақын, боксқа қатысатын 5-сыныпта оқитын ұлымызды алып кеттік. Өзім баскетбол ойнаймын. 3-4 жылдан бері түбек теміржолшыларының



командасындамын. Жақында жергілікті жарыста біздің баскетболшылар командасы бірінші орынды алды. Келіншегім үйде, бала тәрбиесімен айналысады. Бәріміз бірге және әке мен ұл болып, аналардың арасында тартысты шарттарды орындадық. Бәрі де қызықты өтті, өзіме қатты ұнады. Отбасының бір-бірімен арадағы қарым-қатынасын нығайтып, татулығын паш ететін ойын болды, – дейді Серік Аралбаев.

Суретті түсірген автор

А НЕ ПОИГРАТЬ ЛИ НАМ В ПИНГ-ПОНГ?

Одним из любимых видов спорта уральских железнодорожников является настольный теннис или пинг-понг. Вот и День спорта решили отметить в Уральске турниром по настольному теннису, который прошел в тренажерном зале «Теміржолшы».



Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Организовали турнир по настольному теннису инструктор-организатор Бекзат Гилманов и спортивный инструктор ФСК «Локомотив» Болат Карлибаев с участием ветерана спорта Александра Любимкина при поддержке профкома Уральского узла. Лето – горячая пора для железнодорожников,

участие смогли принять только свободные от работы представители Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3), Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), станций Орал и Жилаево.

На турнир пришли семьями, детишки болели за своих мам и пап, а когда освобождался теннисный стол, тоже играли в пинг-понг. Как водится, вперед

пропустили дам. Как же отличается женский настольный теннис от мужского! Изощренность, легкость в движениях и смущение при ошибках и вместе с тем азарт и стремление к победе.

В итоге призовые места распределились следующим образом: победителем турнира стала инженер-технолог станции Орал Жанар Иксебаева, на втором – замначальника отдела бухучета ВЧД-3 Яна Сидорова, на третьем – инженер-технолог станции Орал Наркыз Амирханова, а инженер-расшифровщик ТЧЭ-1 Женискуль Боранбаева осталась на четвертом месте. Все участники награждены грамотами и ценными призами.

Мужчины в ожидании своей очереди разогрелись на тренажерах и в бой

вступили уже заряженные на победу. Здесь были и азарт, и жесткие поддачи, и напряженные поединки, где до последнего было трудно предугадать, кто выйдет победителем. Мужской турнир шел сразу на двух столах вкрутовую.

Здесь безоговорочную победу одержал составитель поездов станции Жилаево Жардемгали Кусаинов. На втором месте – помощник машиниста ТЧЭ-1 Даулетжан Жасуланов и на третьем – осматрщик-ремонтник вагонов ВЧД-3 Мендыбек Байдиев. Призерам также были вручены грамоты и ценные призы. Но главное, все участники и на третьем – осматрщик-ремонтник вагонов ВЧД-3 Мендыбек Байдиев. Призерам также были вручены грамоты и ценные призы. Но главное, все участники и на третьем – осматрщик-ремонтник вагонов ВЧД-3 Мендыбек Байдиев. Призерам также были вручены грамоты и ценные призы.

Фото автора

ҚЫРАҒЫЛЫҚ – КӘСІБІ ҚАСИЕТІ

Қызылорда өңіріндегі Қазалы вагон пайдалану депосының вагон қараушы-жөндеушісі Құрманбек Асқаров кәсіби шеберлігінің арқасында ақаулы вагонды уақыттылы анықтап, жүк пойызының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

2025 жылдың 7 шілдесінде Қазалы бағытынан келе жатқан №20 634 жүк пойызы Қызылорда станциясындағы Қазалы вагон пайдалану депосына қарасты техникалық қызмет көрсету пунктіне (ПТО) жоспарлы тексеруден өту үшін келіп тоқтаған болатын. Осы кезде вагон қараушы-жөндеуші Құрманбек Жақсыбайұлы да жүктелген кәсіби міндетін атқаруға дереу кірісті. Ол бұл процесті барлық регламентке сай, визуалды және акустикалық бақылау әдістерін, өлшеу құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырды. Оның вагон қарау кезінде қолданған негізгі әдістері: дөңгелек жұптардың көлденең және бойлық саңылауларын тексеру, буксальық тораптардағы май ағып кетуін бақылау, тежегіш құрылғылардың, серіппе аспаптары мен амортизациялық элементтердің техникалық жай-күйін бағалау, сондай-ақ бұрандалық және қосалқы бекіткіштердің тартылуын тексеру болды.

Ақаулы вагонды кәсіби вагоншы көзден қалт жібермей бірден анықтайды. Бұл жолы да солай болды. Пойыз вагондарын қызметтік тексеру барысында Құрманбек жүк вагонының оң жақ дөңгелек жұбында тортық М110 гайкасының босап кеткенін және оның себепшісі болып М12 бекітпе болттың үзіліп, стопорлық планканың орнының өзгеріп қалғанын анықтады. Бұл ақау вагонның жүріс бөлігінің қалыпты жағдайына айтарлықтай қатер төндіретін еді. Табылған ақау жайлы Құрманбек Асқаров дереу ауысым басшысы Бауыржан Күнгібаев пен вагон шебері Мейрамбек Байсағұловқа хабар беріп, қозғалыс қауіпсіздігіне төнген қауіптің алдын алды. Өз кезегінде, ВЧД-6 оператор-менеджері Дана Молдашева форма ГУ-24 негізінде ақаулы вагонды ТОР тәртібімен құрамнан шығару және маневрлік аумаққа алып кету туралы пәрмен берді.

– Бұл – Құрманбектің анықтап отырған төртінші күрделі ақауы. Ол өзінің кәсіби міндетін орындап қана қоймай, техникалық қырағылығы



мен салаға деген адалдығын ісімен дәлелдеп отыр. Қарапайым визуалды бақылаудан бөлек, ол акустикалық әдісті де тнiмдi пайдаланып, вагонның жүріс бөлігіне тән емес дыбыстарға ерекше мән беріп, болт пен гайка байланысының бұзылғанын уақыттылы аңғарды, – дейді вагон шебері Мейрамбек Байсағұлов.

Жиырма жыл тәжірибесі бар Құрманбектен күрделі ақауларды уақыттылы анықтай білудің сыры неде деген сұраққа:

«Вагон қараушы-жөндеушінің кәсіби дайындығы жан-жақты болу керек деп білемін. Оның ішінде теміржол вагондарының техникалық құрылымын жетік білуі, яғни бұрандалық қосылыстардың тартылу үдерісін тексеру, дөңгелек жұп пен букса тораптарының майлау жүйесін бақылау сияқты тағысын тағы дүниелерді білуі шарт. Ол үшін техникалық сабақтарға үнемі қатысып отыру керек. Бұл сабақтардың берері көп. Кейде адам білетін нәрсесін ұмытып қалып жатады. Сондықтан үнемі білім көкжиегін жетілдіріп, біліктілігін арттырып отырғаны абзал, – дейді вагон қараушы Құрманбек Жақсыбайұлы.

Суретті түсірген автор

«КТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалының қызметкері, компьютер жөндеу саласының маманы Асқар Абеновтің отбасылық жағдайына байланысты шұғыл көмек қажет. Оның жұбайы Марина Адамсқанқызына 3-сатыдағы онкологиялық ауру диагнозы қойылды, бұл шұғыл хирургиялық қымбат емдеуді қажет етеді.

20 жылдан бері ұлттық компанияда абыройлы қызмет етіп келе жатқан әріптестің басына осындай қиындық түсіп отыр. Өмірлік жарына, үйіндегі қамқоршы, қолдаушысы 41 жастағы жұбайының қатерлі ісікке шалдығуына байланысты Корея елінде емделуге дәрігерлер 45 млн теңге сұрап тұр. Мұндай ауқымды соманы қарапайым қызметкердің бірден таба қоюы қазіргі заманда оңай емес, сондықтан отбасының жалғыз асыраушысы Асқар бұл көмекке амалсыздықтан жүгініп

отыр. Жұбайы екеуінің үш баласы бар. Үлкені 2 курс студенті, екіншісі 8 сыныпта оқиды, кішкентайы 3 жаста.

Компаниямыздың ақпараттық технологиялар саласын дамытуға тапжылмай қызмет етіп, оның дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан жанға көмек қолын созам деушілер болса, төмендегі реквизитті ұсынамыз:

**Kaspi: 4400 4303 3541 3461,
тел: 8701-440-9451 Асқар А.**

ЯРКИЙ СЕЗОН ОТПУСКОВ

Летний сезон для железнодорожников шахтерской столицы стал запоминающимся и ярким. Всего в лагерях для школьников отдохнули 226 детей работников железнодорожных структур Карагандинского отделения ГП и 315 сотрудников поправили свое здоровье в санаториях Казахстана.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам менеджера по персоналу Райли Валиевой, в Акмолинской области отлично провели время 136 детей. Ребятам в количестве 90 человек понравился отдых на базе отдыха Meduza, который находится в 3-5 минутах от озера Алакөл. Дети проживали в корпусе, построенном из сруба, что является экологически чистым материалом. На территории базы расположены детская площадка, батут и бассейны.

– В санатории Сейфуллина отдохнули 192 работника. В это число вошли люди, вышедшие на заслуженный отдых. На сегодняшний день здравница располагается в лесном массиве Щучинского района у озера Катарколь. Там лечат людей с сердечно-сосудистыми заболеваниями, болезнями дыхательных путей и пищеварения, а также опорно-двигательного

аппарата, – рассказывает Райля Валиева. – В санатории «Сосновый бор» в Костанеа отдохнули 17 человек. Это одно из лучших заведений, которое пользуется популярностью не только в Казахстане, но и за его пределами.

В санатории «Ақ-су Демі» подлечились 27 работников и пенсионеров. Он расположен всего в 20 минутах езды от Шымкента. В санатории «Айша биби» в Жамбылде отдохнули 11 работников, в том числе и пенсионеры. Главным природным лечебным фактором является Сары-Ағашская минеральная вода. В многопрофильном лечебно-профилактическом учреждении «Балхаш», расположенном в Приозерске, поправили здоровье восемь работников, а в санатории «Ақ-Кайын» в Алматы, расположенном на северном склоне Заилийского Алатау, – 17 работников, среди них два пенсионера. 43 работника Карагандинского отделения ГП оказана материальная помощь для посещения 23 санаториев, которые работники выбирают самостоятельно по желанию, при этом им выплачивается 100-процентная стоимость путевки.

Кроме того, многодетные матери ко Дню семьи получают по пять МРП. В настоящее время составляются списки семей железнодорожников, имеющих трех и более учеников. Им планируется в новом учебном году выплатить по четыре МРП на каждого ребенка.

Фото автора

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеубергенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Л. Ровба, Р. Рахметова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі газет-кеңестерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Караганды: Светлана Могой 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Кудабасев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркету куәлігі берілді.
---	---	---	--	--